

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңесі отырысының хаттамасы

Астана қ.

№18

2023 жылғы 30 маусым
сағат 15-00
920 каб

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің (бұдан әрі - Қоғамдық кеңес) отырысын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Т.Қ. Дүйсенова ашты.

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің 13 мүшесі,
Қоғамдық кеңестің 6 мүшесі дәлелді себептермен қатысқан жоқ (А.К. Абдрасилова, С.С. Ещанов, Л.И. Салыкова, М.А. Джумадилаев, Т.Е. Сейтбеков, А.Р. Оторбаев)

Шақырылғандар: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл – С.Қ. Жақыпова, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі-ЕХӘҚМ) құрылымдық бөлімшелерінің басшылары.

Күн тәртібін отырысқа қатысушылар бірауыздан қабылдады.

1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін іске асыру туралы

(Т.Қ. Дүйсенова, С.К. Жақыпова, А.Қ. Дюсенова, О.Г. Кузовлева, Қоғамдық кеңес мүшелері, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары)

1. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін іске асыру шеңберіндегі жаңалықтар туралы баяндамалар:

- «Жұмыспен қамту шараларын іске асыру туралы» жұмыспен қамту департаментінің директоры А.Н. Ниязовтың;
- «Балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау туралы» әлеуметтік көмек департаментінің директоры А.А. Әбдірахманованың;
- «Зейнетақымен қамсыздандыру бойынша» әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаментінің директоры Б.С. Қаликенованың;
- «Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау» әлеуметтік қызметтер департаментінің директоры Ж.Ж. Дильжанованың;
- «Әлеуметтік-еңбек саласының мемлекеттік қызметтері» Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаментінің директоры А.Е. Әбілғазинаның назарға алынсын және мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін іске асыру бойынша Қоғамдық кеңес, ЕХӘҚМ құрылымдық бөлімшелері ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмысты күшейтсін.

3. Қоғамдық кеңестің хатшысы болып Ә.М. Тоқтауов сайлансын.

4. Қоғамдық кеңес ұсынады:

1) **Заң қызметі департаменті, баспасөз қызметі, ЕХӘҚМ құрылымдық бөлімшелері** Қоғамдық кеңес мүшелеріне одан әрі жолдау үшін Қоғамдық кеңестің хатшысына ҚР Әлеуметтік кодексін түсіндіру бойынша әдістемелік материалдарды жіберсін.

2) **Қоғамдық кеңес мүшелері ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қызметкерлерімен бірлесіп, ҚР Әлеуметтік кодексінің негізгі бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін өңірлерге шықсын.**

3) Стратегиялық жоспарлау және талдау департаменті Қоғамдық кеңес мүшесінің мәртебесін куәландыратын құжатты беру мәселесін пысықтасын.

2. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту туралы

(О.Г. Кузовлева, Қоғамдық кеңес мүшелері)

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңесінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

Шешімді Қоғамдық кеңес мүшелері бірауыздан қабылдады.

Төраға



О. Кузовлева

Хатшы



Ә. Тоқтауов